

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Сөйлеу әдебі қытай халқының дәстүрлі рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Әдеп пен салт-дәстүр қытай халқының жалпы мәдениет туралы, соның ішінде сөйлеу мәдениеті туралы конфуцийлік және дәстүрлі ілімдерінің негізі. Қытайдың сөйлеу әдебі мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан әлеуметтік иерархияға негізделген. Осы сөйлеу әдебінің ең айқын белгісі ретінде қаратпа сөздер қытай тілінде ежелгі заманнан бастау алады. Қытай тілінің қаратпа сөздерінің көп бөлігін туыстық және қоғамдық қатынастарда қолданылатын қаратпа сөздер құрайды. Қытайда қаратпа сөздер адамдарды жасына, қоғамдағы орнына, қызметтегі лауазымына қарай бөлуге бейім келеді. Тілдің мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, қаратпа сөздерді дұрыс қолдана білу арқылы адам адресаттың сөйлеушіге деген ойын, қарым-қатынасын жақсартуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Обращения в речевом этикете современных китайцев // Актуальные проблемы китайского языкознания: Материалы VII Всероссийской конференции по китайскому языкознанию. - М.: Институт языкознания РАН, 1994. - С. 87-91.
2. Китайская философия: Энциклопедический словарь. М.: Мысль, 1994. 573 с.
3. Zhang, Yanyin. Indirectness in Chinese requesting/ Yanyin Zhang// In G. kasper (ed.), Pragmatics of Chinese as Native and Target Language. Hawaii: University of Hawaii, SLTC, 1995.

ӘОЖ 28(510)

ҚЫТАЙДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ

Берікбаева Ақбөбек Саттығұлқызы

Akbobek9696@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шәріпхан М.

Дін дегеніміз не? Ол қалай және қашан пайда болды? Оның мазмұн-мағынасы қандай? Дін арқылы адам қалай өмір сүреді және өмір жолындағы кезіккен қиындықтармен күресуге дін қандай рөл атқарады? Бұндай сұрақтар өте жиі кездеседі. [1, 6]

Дін дегеніміз – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы–Құдайға сенімі. Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш; Алланың барлығына сенім. Ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады [2].

Ислам діні–үш әлемдік діндердің ішінде ең жасы әрі соңғы дін болып саналады. Ислам VII ғасырда Арабия түбегінде пайда болды. Бұл кезде мұнда ежелгі таптық мемлекеттердің құлауы, транзиттік сауданың, дәстүрлі қоғамдық байланыстардың құлдырауы, көшпенділер мен отырықшы тайпалар арасында шиеленістің артуы сияқты объективті алғышарттар өрістей бастады. Осы барлық жағдай мұсылман халқының қалыптасуына әсер етті [3].

2015 жылғы әлеуметтік зерттеулерге сүйене отырып, Ислам Қытай жастарының арасындағы кең таралаған дін болып табылады. Зерттеулердің қорытындысы бойынша 30 жасқа дейінгі қытай азаматтарының 22,4% ислам дінін ұстанады, ал 22% католик дініне бет бұрады, ал жартысынан көбі, яғни 30 жастан жоғары қытай азаматтары буддизм немесе даосизм дінін қабылдаған.

Қытай тарихшыларының пайымдауынша, Ислам діні Қытайдың Таң дәуірінен бастау алған. Шамамен 651 жылдан 798 аралығында Араб және Парсы елшілері Қытайға 39 рет іскерлік жұмыспен келген болатын. Осы аралықта Қытай-Араб елдерінің үкіметінде және қоғамда достық қарым-қатынастар күшейе түсті. Ислам діні Қытайға Жібек Жолы арқылы

алғаш Үрімші және ЛуоЯң деген қалалардан басталған. Сонымен қатар, теңіз арқылы Қытайдың солтүстік-шығыс жағалауларына таралды. Көптеген арабтар ЯңДжоу және ХаңДжоуға барып қоныстанып, тіршілік кешірді. Олардың Қытайда өмір сүргені соншалықты ұзақ болып, олар тіпті туған жерлеріне де қайтпаған. Міне, содан бастап Ислам діні бірте-бірте тарала бастады. Арабтар Қытай қыздарына үйленіп Ислам дінін қабылдап, дүниеге жаңа мұсылман баласы келіп, Ислам дініндегі Қытайлардың санын көбейте бастады. Сонымен қатар, ЯңДжоу және ХаңДжоуда мешіттер салды, сол кезде олардың саны небәрі төртеу болған [4, 3].

Юань және Мин династиялары (1206-1644жж.) Қытайдағы Ислам дінінің одан әрі дамуына өте зор үлесін қосты. Орасан мықты Моңғолдар Ислам мемлекеттерін, оның ішіндегі орталық және батыс Азия елдерін, сонымен қатар, батыс Азиядағы Аббасид әулетін құлатты. Ондаған мың ағаш шеберлері, діни ғалымдар және дворяндар Моңғолдың Юань династиясының қол астында болды. Оны көптеген ғалым-саяхатшылар дәлелдеген. Мысалы, Италиян саяхатшысы Марко Поло және Ибн Батутта өздерінің Қытайға саяхатында мұсылмандардың өте көп жерде кездестіргенін жазған. Мұсылмандар алғаш мешіт тұрғызуды ауылдық жерлерден бастау алып үлкен қалаларға дейін салған. Мин династиясынан бастап мұсылман ғалымдары Ислам мектептерін сала бастады. Ху ДыңДжоуға ерекше (1522-1597жж.) тоқтала кетсек, ол атақты мұсылман ғалымы әрі Шааньси Провинциясында “Jingtang Jiaoyu” атты білім орталығында Ислам білімі және мәдениетінен сабақ берді. Бұл кезең Қытайдағы тарихи Исламды үйренудегі ұлықтау фазасы болып табылады. Ислам діні СиньЦзянь жеріне XX ғасырдан XXI ғасыр аралығында кең таралды [4, 4].

Қытай Халық Республикасында діни-сенім бостандығы саясаты толығымен жүзеге асырылып, жүргізілді. Қытай мұсылмандарының діни өмірі толық қамтамасыз етілді. Қытайда азшылық топтар өздерінің ұлттық діні ретінде Ислам дінін қабылдады, оларға: Хуэй, Ұйғыр, Қазақ, Өзбек, Қырғыз, Тәжік, Татар, Донсиан, Сала және Баоан қатарлы ұлттар жатып, олардың жалпы саны 20 миллион адамды құрайды. Қазір Қытай жерінде 35000 мешіт және 45000 имамдар бар [4, 5].

Қытайда мұсылманша туылған нәрестені сүндетке отырғызу немесе үйлену, жерлеуге байланысты рәсімдер әлі күнге дейін сақталып келеді. Қытайдың жерлеу рәсіміне келсек, оларды кремациялау арқылы жүзеге асырады, бірақ мұсылмандар жерлеу рәсімі үшін үкімет Қытай мұсылмандарына зират ретінде жер бөліп берген болатын. Мұсылмандардың асхана әдеттері де Қытайда сақталуына байланысты, үкімет қазірдің өзінде Халал азық-түлік өндіру жөніндегі ережелерді белгіледі. Мұсылмандардың жиналатын орталығым– мешіт. Әрбір мешіт діни іс-шаралар үшін жауапты болып табылатын, сайлау нәтижесінде тағайындалған белгілі бір әкімшілік орган болып табылады. Күнделікті мешітке дұға ету үшін баратын адамды қытайша “Сианлао” деп аталады. Сианлаолар күнделікті іс-шараларға қатысып қоймай, сонымен қатар, мешітке және жергілікті мұсылмандарға тегін қызметтер көрсетеді. Қажылыққа бару Мин династиясынан басталған. Атақты мұсылман теңіз саяхатшысы ЖыңХы қажылық сапармен Меккеге бір рет барып, Қасиетті жердің картасын салды. Ежелде Қытай мұсылмандары қажылыққа жаяу немесе көлікпен, түйемен баратын болған, ал қазіргі уақытта озық технологиялар қажылыққа баруды біршама жеңілдетті. Қазіргі таңда Қытай мұсылмандары жыл сайын қажылыққа Қасиетті Мекке қаласына ұшақпен барады [4, 15].

Енді, Қытай мұсылмандарының мұсылманша біліміне тоқтала кетсек. Ұзақ уақыт даму барысында, мұсылманша білім берудің мынадай екі нысаны қалыптасты: бірі, “JiangTang Jiaoyu” деп аталады, яғни мешіттердің ашық мұсылманша біліммен қамтамасыз ету; екіншісі, қазіргі заманғы мұсылманша білім беру мектебі болып табылады. Қытай мұсылмандары шашыраңқы және белгілі бір жерде саны жағынан аз шоғырланған. Мұндайда мешіттер негізінен “JiangTang Jiaoyu” мектебінің өсуі үшін барлық жағдайлар жасаған. “JiangTang Jiaoyu” барлық мұсылман балаларына толық мүмкіндік жасаған. Оқуға түскен кез келген студент тегін тұруы және оқыуы қамтамасыз етілген, сондай-ақ, имамдар

да тегін үйретеді. Бұл жерде ислам философиясы мен Құран түсініктемесі, араб және парсы жазбаларын оқытады [4, 37].

Қазіргі заманғы мұсылманша білім беру өте көп жетістіктерге ие болып, заманның дамуына қарай, алға қарап дамып келе жатыр. Оқу-әдістемелік орын арнайы мешіттің солтүстік және оңтүстік залдарында орналастырған. Ислам және қарапайым мәдениеттердің екеуі де мұнда оқытылады. Оқыту үлгісі екі бөлікке бөлінеді: бірінші бөлімінде мұсылман балалар араб әліпбиі мен Ислам базалық білімін алуға, онда бастауыш мектеп бөлімі Құран және намаз білімдеріне үйретеді; екінші бөлімде Ислам университеті бөлімі болып табылады, студенттер жүйелі діни білім және мұсылманша этикалық білім алуға бұл бөлімде қамтамасыз етілген [4, 39].

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін, 1955 жылы Бейжіңде Үкіметтің қолдауы және қамқорлығымен ұлттық жоғары деңгейдегі Ислам оқу орны– “Қытай Ислам институтын” құрды. Бұл білім ошағы жоғары деңгейдегі Ислам білімін оқумен қатар, араб және қытай тіліндерінде тәжірибелі, білікті Ислам кадрларын оқытады. Ол барлық заманауи оқыту әдістерін дағдыға және бірыңғай сараптама арқылы барлық өңірдің студенттерін қабылдайды. Оқуды бітіргеннен кейін, студенттер қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мешіт және Сыртқы істер, оқыту мәселелерімен айналысатын тәжірибелі аға діни кадр маманы болып қалыптасады. Соңғы жылдары, Қытай Ислам институтының Египет, Ливия, Пәкістан ислам университеттерінде білім алуға мүмкіндік жаратқан. Ислам институттар Қытайдың 9 провинциясында сәтті жұмыс жасап жатыр, оларға Бейжің, Хыбей, Шыңжаң, Жыңджоу, Кунмин, Ниңся, Ланджоу, Синиң және Үрімші провинциясы жатады [4, 39].

Қытайдағы мешіттерге тоқтала кетсек. Қытайда ислам дінінің таралуына және дауымымен байланысты алғашқы мешіттер Таң және Сун династиясында Қытайдың оңтүстік-шығыс жағалауында пайда бола бастады. Гуанджоуда “Хуайшың” мешіті, Чуанчжоуда “Чинджин” мешіті, Янджоуда “СианХы” мешіті және Ханчжоу қаласында “Фынхуан” мешіті сол уақытта мұсылмандардың салған төрт ең танымал ежелгі мешіттері болып танылған. Төрт-ақ мешіт Қытай классикалық және араб классикалық сәулет өнерлерін ұштастырып жасалған. Мың жыл бұрын өмір сүрген парсы және араб көпестерінің жазбалары, көптеген тас таблеткалар әлі осы мешітте сақталып келе жатыр. Қытайдың Шыңжаң мешіті Орталық Азия Ислам сәулет ерекшеліктерін көрсете білген. Бүгінгі таңда Қытайда 35000 мешіт бар. Олар араб сәулетінің, сонымен қоса қытай сәулеттерінің мән-мағынасын айшықтап отыр [4, 51].

Ислам әлем діндерінің ішінде ең жасы болса да, қарқынды дамып келе жатыр. Қытай мемлекеті Ислам дініне құрметі жоғары, мұсылманша салт-дәстүрлер жақсы сақталған. Ораза, Құрбан Айт күндері Қытай Халық Республикасында ресми демалыс күндері болып бекітілді. Алдағы уақытта Қытайда ислам дінін ұстанушылардың саны өсіп, одан әрі дамуына сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “История религий востока” Л.С.Васильев, Москва 2006
2. www.wikipedia.org
3. www.rukhanialem.psu.kz
4. “Islam in China” Zhang Guanglin, 2005 China Intercontinental press

УДК 81-116:821.111

РОЛЬ МЕГА-КОНЦЕПТА «THEMOONSTONE» В ПРОИЗВЕДЕНИИ У.КОЛЛИНЗА «ЛУННЫЙ КАМЕНЬ»

Булебаева Алима Канатовна